

## «ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»

### Bozkır Folklorunun ve Müziğinin Bin Yılı

### A Thousand Years of the Music and Steppe Folklore

Karaşap Alpyssaeva<sup>1</sup> 



**Sorumlu yazar/Corresponding author:**


Karaşap Alpyssaeva, (Doç. Dr.),  
Muhtar Avezov Edebiyat ve Sanat Enstitüsü,  
Almaty, Kazakistan.  
E-posta: alpyssaeva-k@mail.ru  
ORCID: 0000-0002-9046-409X

**Başvuru/Submitted:** 16.01.2020

**Kabul/Accepted:** 16.01.2020

**Online Yayın/Published Online:** 30.03.2020

**Atıf/Citation:** Alpyssaeva, Karaşap. "Bozkır Folklorunun ve Müziğinin Bin Yılı," *Avrasya İncelemeleri Dergisi - Journal of Eurasian Inquiries* 9, 1 (2020): 121-123.  
<https://doi.org/10.26650/jes.2020.009>



2019 жылдың 19 желтоқсанында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» жобасының «Дала фольклорының антологиясы» онтомдығының алғашқы 5 томының, «Ұлы даланың көне сарындары» бестомдығының 1-томының, сондай-ақ «Ұлы дала жауһарлары» бестомдығының 1-томының тұсаукесер рәсімі өтті.

Кең-байтақ, жазиралы Ұлы даланың рухани мұрасы – ұлттық рухымыздың аса құнарлы кәусар бұлағы. Бұл құндылықтар Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық еңбегінде зор бағасын алды және республикамыздың сирек

қорында сақталып келген қастерлі мұраларды антологиялық жүйеде кедергісіз жарыққа шығаруға тұңғыш рет мүмкіндіктер туды. Басылым көріп отырған еңбектер – осы игі бастаманың алғашқы нәтижесі. Бұл туындылар – халықпен бірге жасасып келе жатқан үлкен мәдени, тарихи тағлымға толы танымдық рөл атқарушы рухани күш.

Антологиялық жинақтарды шығарудың басты мақсаты – халқымыздың ұлттық мақтанышы саналатын аса бай халық мұрасын, әдеби жәдігерлерді мектеп оқушылары мен ұстаздарына, орта және жоғары оқу орындарының студенттері мен профессорлық құрамына, ізденушілер мен ғалымдарға, дәстүр мен халық руханиятына қызығушылық танытатын көпшілік қауымға толықтай таныстыру, оларды түр-мазмұн жағынан, жанрлары мен көркемдігі тұрғысында баға жетпес асыл қазына ретінде әлемге паш ету. Қазақ фольклорының қалың көпшіліктің қолдануына ыңғайлы, жастар мен студенттердің талғамына татитын заманауи форматтағы қол жетімді, ықшам жинақ дайындап шығару қажеттігі туындады.

«Дала фольклорының антологиясы» онтомдығының алғашқы 5 томын баспаға дайындауда ұлттық эпостың таңдаулы үлгілері алғаш іріктеліп, олар түпнұсқаларымен, басылымдарымен салыстырылып, текстологиялық зерттеулерден кейінгі таңдаулы нұсқалары жіберілді. Оның бірінші томында көне эпос пен батырлар жыры, екінші томында «Қырымның қырық батыры» жырлар топтамасы, үшінші томында тарихи жырлар, төртінші томында ғашықтық жырлар, бесінші томында дастандар қамтылды. Институт ғалымдары сирек қорлардағы қолжазба мұраларды сараптай келіп, халық әдебиетінің барлық жанрлық түрлері бойынша ең таңдаулы үлгілерін 10 томға жүйелеп, бүгінгі аудиторияға қолжетімді ету үшін цифрлық форматпен (электронды және аудио нұсқаларымен қоса) кешенді түрде баспаға дайындау, сондай-ақ топтамаға енген шығармалардың сюжеттік желісін орыс (3 том), ағылшын тілдеріне (3 том) мазмұндап аудару жұмыстарын қолға алды. Бүгінгі күні тұсауы кесіліп отырған Антологияның алғашқы бес томы – сол игі бастаманың көрнекі нәтижесі.

Ұлттық эпосқа арналған бұл томдардың кітаби нұсқасы еліміздің қолжазба қорлары мен бұрын жарияланған жинақтардың, сондай-ақ, алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспораларының материалдарын жете саралап, іріктеу негізінде дайындалды. Жырлар текстологиялық тұрғыдан қайыра салыстырылып, ғылыми сарапшылар арқылы іріктеліп, тілі көркем, сюжеттік құрылымы шымыр, мазмұны бай, жырлауға лайықты сарындарымен бірге таңдалып алынды. Әрбір том түрлі-түсті суреттермен, ноталармен, иллюстрациялармен, фотолармен т.б. безендірілді, сондай-ақ эпостық жырлардағы басты қаһарманның суретшілер салған халыққа танымал бейнелері ұсынылды. Әр том қысқаша аңдатпамен басталып, соңына түсініктемелер, түйінсөз (орыс, ағылшын тілдерінде) т.б. берілді. Мәтіндерде кездесетін араб, парсы, көне түркі, басқа да кірме сөздердің түсініктері әр беттің соңындағы сілтемеде көрсетілді. Ал этнографиялық сөздік түрлі-түсті суреттермен безендірілді. Антологияның электронды және аудио нұсқалары заманға

лайықты, әлемдік стандартқа сәйкес қолайлы форматта дайындалып, орналастырылған сайттың электронды адресі мен ҚР коды әр жинақ мұқабасында көрсетілді.

Жұмыс барысында Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының ұстаз-оқытушылары мен өнерпаздар, қажеттігіне қарай өңірлердегі дәстүрлі өнер мектептерінен де жыршы-орындаушылар тартылды. Аудиожазба мен цифрландыру жұмыстары арнайы студияларда жүзеге асырылды. Оның баспаға дайындау жұмыстарын Институттың ғалым-мамандарынан жасақталған арнайы шығармашылық топ жүзеге асырды және олардың жұмысына редакциялық алқа, жобаның ғылыми жетекшісі, ғылыми және жауапты редакторлар, ғалым-сарапшылар, сондай-ақ институттың Ғылыми кеңесі басшылық жасады. Басылымдарға белгілі отандық ғалымдармен қатар алыс-жақын шетел оқымыстылары да сараптама-пікірлер жазды. Әр том он мың таралыммен «Брент бук» баспасында жарияланым көрді.

Қазіргі жаһандану үрдісі белең алған кезеңде халықтың рухани мұрасын жинап, жүйеге түсіретін, жария етіп, зерттеп жүрген мамандардың басын қосып, бағыт-бағдар беретін қоғамдық ұйым құрудың кезегі келді. Сол себепті осы тұсау кесер рәсіміне алыс-жақын шетелдерден, еліміздің өңірлерінен, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан арнайы шақырылған ғалымдардың, оқытушы-профессорлар қауымының қатысуымен Қазақстан фольклортанушыларының, әдебиеттанушылары мен өнертанушыларының «Мұрагер» ассоциациясын (қысқаша – «Мұрагер» ассоциациясын) құру жоспарланып отыр. Онда қоғамдық ғылымның аталған салаларында нәтижелі еңбек еткен белгі ғалымдар, оқытушы-ұстаздар, кәсіби мамандар, жас зерттеушілер түйінді мәселелерге байланысты ой-пікірлерін, ұсыныс-тұжырымдарын ортаға салады. Олардың негізінде болашақ қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырылу іс-шаралары, мақсаттары мен міндеттері талқыланып, бағыт-бағдары, жұмыс жоспары айқындалады.

